

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ БИЗНЕС ЖОҒАРЫ МЕКТЕБІ



## VI ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФАРАБИ ОҚУЛАРЫ

Алматы, Қазақстан, 2-12 сәуір 2019 жыл


Студенттер мен жас ғалымдардың

### «ФАРАБИ ӘЛЕМІ»

атты халықаралық ғылыми конференция

### МАТЕРИАЛДАРЫ

Алматы, Қазақстан, 8-11 сәуір 2019 жыл



## VI МЕЖДУНАРОДНЫЕ ФАРАБИЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ


Алматы, Казахстан, 2-12 апреля 2019 года

### МАТЕРИАЛЫ

международной научной конференции  
студентов и молодых ученых

### «ФАРАБИ ӘЛЕМІ»

Алматы, Казахстан, 8-11 апреля 2019 года



## VI INTERNATIONAL FARABI READINGS

Almaty, Kazakhstan, 2-12 April 2019

### MATERIALS

International Scientific Conference of  
Students and Young Scientists

### «FARABI ALEMI»

Almaty, Kazakhstan, April 8-11, 2019

**Жауапты редакторлар**

Сагиева Р.К.  
Бимендиева Л.А.  
Жидебекқызы А.  
Арзаева М.Ж.  
Садыханова Г.А.  
Тургинбаева А.Н.  
Нурмагамбетова А.З.  
Досжан Р.Д.  
Кондыбаева С.К.  
Ахметова З.Б.  
Товма Н.А.  
Сырлыбаева Н.Ш.  
Қабылқайратқызы Р.  
Ибраева Л.М.  
Кишибаева Б.С.

**Материалы международной научной конференции студентов и молодых ученых “Фараби әлемі”. Алматы, Қазақстан, 8-11 апреля 2019 г. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 328 с.**

**ISBN 978-601-04-3935-1**

ISBN 978-601-04-3935-1

© КазНУ имени аль-Фараби, 2019

## ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МАРКЕТИНГТІҢ МӘНІ, ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Рысбаева Б.Б.

*әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, ЭжБЖМ*

*«Маркетинг» мамандығының 1-курс докторанты*

Ғылыми жетекші:

к.э.н., профессор Садыханова Г.А.

«Экология» мәселесі адамзат тіршілігімен қатар жүретін актуалды мәселелердің бірі. Адамзат өміріне жаңа ғылыми толқындар ене бастауына сәйкес, жер шарында экологияны барынша сақтап қалу шаралары барлық саланы қамтып жүргізіледі.

1992 жылы Рио-де-Жанейрода БҰҰ-ның Қоршаған орта және даму жөніндегі дүниежүзілік конференциясында қабылданған «XXI ғасыр Күн тәртібінде» былай делінген: «бүкіл әлемдегі қоршаған ортаның тұрақты тозуының негізгі себептерінің бірі — тұрақтылықты қамтамасыз етпейтін тұтыну мен өндіріс құрылымы, әсіресе өнеркәсіптік дамыған елдерінде. "Рио декларациясының" 8-қағидаты «өндіру мен тұтынудың тұрақсыз үлгілерін (модельдерін) азайту және алып тастау» қажеттілігін білдіреді. Яғни, нарыққа өндіріс пен тұтынуды реттейтін жаңа модель қажет. Осы құжатта екі негізгі мақсат бөлінеді: өндіріс пен тұтынудың тұрақсыз үлгілеріне елеулі көңіл болу және тұтынушылық мінез-құлық үлгілерін өзгерту жөніндегі ұлттық стратегияларды дамыту [1].

Аталғандарды ғылыми негіздеу үшін төмендегі дәйектемелерді келтіреміз:

адамдардың қажеттілігін қанағаттандыру үшін табиғи ресурстарға деген сұраныстың өсуін фундаменталды түрде 1968 жылы Рим клубында Джей Фостердің ұзақ мерзімді әлемнің дамуы тенденциясын зерттеуі «адамзаттың бақытты болашағы» туралы аңыздың жойылуына әкелді. Сонымен қатар, бұл зерттеулер әлемдік дағдарыстардың, XXI ғасырдағы дамып келе жатқан елдердегі демографиялық жарылыстың, қоршаған ортаның ластануы мен табиғи ресурстардың азаюынан адамзат баласы құтыла алмайтындығын айқындап берді. Осы негізде бұл жаһандық мәселелерді шешудің жолдарын қарастыру, жаңа модель жасау алға тартылды [2, 3-56].

Экологиялық маркетингтің тарихи дамуының бастамалары ретінде жаңа заман әдебиетінде және бұқаралық ақпарат құралдарында «тұрақты даму» түсінігі пайда болып, жиі кездесе бастады. Бұл түсінік халықаралық қоршаған орта және даму жөніндегі басшы Гру Харлем Брунтланмен ұсынылған болатын. 1987 жылы «Біздің ортақ болашағымыз» атты баяндамада негізгі мәселе ретінде дамудың жаңа моделін табу керек екені туралы айтылып, оған алғашқы анықтама берілді. Сонымен, «тұрақты даму – бұл болашаққа қарай тынымсыз қозғалыс және сол қозғалыс уақытындағы адамзаттың өмірлік қажеттіліктерін қанағаттандыруды талап етеді, сонымен қатар ол болашақ ұрпақтың мүмкіндіктерін шектемеуі тиіс» делінген еді. Баяндама авторлары: «ескі әдеттерден арылатын кез келді. Қандай да бір шешім қабылдаған кезде экономика мен экология толығымен байланыста болу керек» деген ұстанымды алға тартты. Осыдан кейін экологиялық маркетингтің қоршаған ортаны қорғау, өндірушілер мен тұтынушылардың нормалық этикасы ретінде әр түрлі конференциялар мен отырыстарда қозғалып, кітаптар да жиі жарық көре бастау үрдісі жүрді [3, 21-226.].

Бірқатар авторлар экологиялық маркетингке экологиялық әрекеттерді қолдаудың қаржылық құрылымдарын қалыптастыруды, экологиялық аудитті, компаниялардың іс-әрекетін экологиялық сақтандыруды, өндірушілердің есептілік нысандарын өзгертуді, жарнаманың жаңа нысандарын, сауданың жаңа қағидаттарын қалыптастыруды (мысалы, экологиялық өнімдерді сату) қамтиды.

«Экологиялық маркетинг» ұғымы әлі күнге дейін қалыптасуда, бүгінгі күні жалпы қабылданған анықтама жоқ. Кейбір авторлар экологиялық саясатты, бизнестің экологиялық жауапкершілігін, фирманың ашықтығын және өндірістік процестің ашықтығын, экологиялық таңбалаумен сипаттаса, басқа мамандар экологиялық маркетингті экологиялық менеджмент құралдарына жатқызады.

Бұл концепцияның пайда болуы дәстүрлі маркетингте байқалған бірқатар мәселелердің тууымен байланысты. Мысалы, қазіргі уақытта қоршаған орта сапасының нашарлауы, табиғи ресурстардың жетіспеушілігі, халық санының өсуі, инфляция және әлеуметтік қызмет көрсету саласының жағымсыз жай-күйі. Аталған бірқатар мәселелерде жаңа көзқарастармен дұрыс шешім қабылдауда экологиялық маркетингтің орны ерекше.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

[http://vasilievaa.narod.ru/mu/esipin/pr\\_frames/guide/confunrio.htm](http://vasilievaa.narod.ru/mu/esipin/pr_frames/guide/confunrio.htm)

Медоуз Д.Х., Медоуз Д.Л., Рандерс И., Бернес В.В. III. Пределы роста. Доклад по проекту Римского клуба «Сложное положение человечества». М.: Изд-во Моск. ун-та, 1992. Недавно вышел третий доклад «Пределы роста. 30 лет спустя» (Медоуз Д., Рандерс И., Медоуз Д. Пределы роста. 30 лет спустя. М.: Академкнига, 2008)  
Программа действий / Сост. Майкл Китинг. М.: Центр «За наше общее будущее», 1993. С. 6.

## ЖОБА ТӘУЕКЕЛІНІҢ ҮРДІСТЕРІ, ОЛАРДЫҢ ҚҰРАЛДАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ

Садырбай Бакдәулет Жахияұлы  
ал-Фараби атындағы ҚазҰУ, ЭжБЖМ  
«Жобаларды басқару» мамандығының 1-курс магистранты

Ғылыми жетекші  
э.ғ.к., аға оқытушы Нурсейтова Г. Б.

Қазақстан Республикасында қазіргі таңда мемлекеттің көмегімен түрлі жобалар іске асырылуда. Іске асырылып жатқан әрбір жаңа жоба өз жолында оның өмір сүруіне қауіп төндіретін белгілі бір қиындықтарға тап болады. Жоба жетекшісі үшін мұндай қиындықтарды алдын ала болжай білу және оларды жеңіп шығу стратегиясын алдын ала жасау өте маңызды.

Кез келген жоба үшін тәуекелдерді мүлдем болдырмау емес, оларды алдын ала болжау және оны ең төменгі деңгейге дейін төмендету маңызды болып табылады. Ықтимал тәуекелдерден болатын шығындарды азайту үшін жобаны іске асырудың барлық кезеңдерінде тәуекелдерді ескеруге көмектесетін арнайы іс-шаралар жүргізіледі. Көптеген жағдайлар мен факторлар адамдар қабылдайтын шешімдердің нәтижесіне әсер етеді, олардың кейбірінің іс-әрекетін болжау өте қиын, жобадағы көптеген шешімдерді белгісіздік жағдайында қабылдауға тура келеді. Тәуекел адам қызметінің кез келген саласына тән. Қазір тәуекелді зерттеуге, болжауға, талдауға көп көңіл бөлінеді. Қандай да бір әрекеттердің салдарын болжай білу жобаның дұрыс жүзеге асырылуы үшін қажет.

Бұл мақаланың мақсаты жобаның тәуекелдерін, оларды басқаруды анықтап, оның өмірлік циклінде кездесетін тәуекелдерді басқару үдерістерін, әрбір үдерісте пайдаланатын құралдар мен әдістерді талдау болып табылады.

Жоба тәуекелі – бұл жоба мақсатына теріс немесе оң әсер ете алатын белгісіз оқиғалардың туындау ықтималдығының кумулятивті әсері.

Жоба тәуекелі – жоба мақсаттарының кем дегенде біреуіне, мысалы мерзімдер, құны, мазмұны немесе сапасы оң немесе теріс әсер ететін белгісіз оқиға немесе шарт.

Жобадағы белгісіздік – бұл ақпараттың, білімнің немесе қабылданатын әрекеттердің шешімдердің немесе оқиғалардың ықтимал салдарын түсінудің жеткіліксіздігі немесе болмауы [1].

Жоба тәуекелін басқару – бұл белгісіздікті төмендетудің және жобадағы оқиғалардың ықтималдығын басқарудың жүйелі үдерісі. Жоба тәуекелін басқару мақсаты – қолайлы оқиғалардың пайда болу және әсер ету ықтималдығын арттыру.

Жоба тәуекелін басқару – жобадағы жағымсыз оқиғалардың ықтималдығы мен әсерін азайту және жағымды оқиғалардың әсер ету ықтималдығы мен дәрежесін арттыру үшін жоба тәуекелдерін анықтауға, талдауға және оларды басқаруға байланысты үдерістерді қамтиды [2].

PMBOK® сәйкес жобаның тәуекелін басқару жобаларды басқарудың мына үдерістерінде жүреді:

№	Жобаларды басқару үдерістерінің топтары	Жобаның тәуекелін басқару үдерістері
1	Инициация	-
2	Жоспарлау	Тәуекелдерді басқаруды жоспарлау Тәуекелдерді сәйкестендіру Тәуекелдерді сапалық талдау Тәуекелдерді сандық талдау Анықталған тәуекелдерге шаралар жүргізуді жоспарлау
3	Жүзеге асыру	Анықталған тәуекелдерге шараларды жүргізу үдерісі
4	Мониторинг және бақылау	Тәуекелдердің мониторингі
5	Аяқтау	-
	Ескерту: [3] дереккөзінен алынған	

Мұхаметбекова С.М. «Қазақстандағы инфляция деңгейі: себептері мен төмендету жолдары» – ғылыми жетекші Казбеков Б.К. ....	220
Мұхаметбекова С.М. «Индустрия 4.0 – Қазақстан экономикасына енгізу мүмкіндіктері мен перспективалары» – ғылыми жетекші Нурсейтова Г.Б. ....	223
Мырзалы Д.Қ. «Государственное регулирование социальной ответственности бизнеса в РК» – научный руководитель Жунусова А.Ж. ....	225
Мырзатаева А.А. «Основные источники формирования инвестиционных ресурсов предприятия» – научный руководитель Зиядин С.Т. ....	226
Нурбосынова А.Е. «Қазіргі қоғамда көшбасшылық қабілеттерді қалыптастырудың заманауи технологиясы» – ғылыми жетекші Жұмағазиева А.Ғ. ....	228
Нуркасымова М.А. «Современное состояние и перспективы развития инновационной деятельности в Республике Казахстан» – научный руководитель Сокира Т.С. ....	230
Нұрқабек М.М. «Индустрия 4.0 концепциясы және оның адам ресурстарының дамуына әсері» – ғылыми жетекші Ан Е.А. ....	233
Нұрманбет Т. «Анализ конкурентоспособности предприятий розничной торговли на рынке г. Алматы» – научный руководитель Кожамкулова Ж.Т. ....	235
Нұрхан Ж. «Дамушы мемлекеттердегі логистикалық реттелудің даму алгоритмдерін салыстыру» – ғылыми жетекші Ғалымқызы Г. ....	237
Омарова М.Д. «Принципы охраны окружающей среды на основе нормативно-правовых актов Республики Казахстан» – научный руководитель Ахметкалиева С.К. ....	240
Оразмолда Д.А. «Персоналды басқарудың экономикадағы рөлі» – ғылыми жетекші Аметова Ж.А. ....	242
Ордабаева Ұ. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет жүйесіндегі мотивациялау механизмін жетілдіру» – ғылыми жетекші Смагулова Г.С. ....	244
Орынбасар С.Б., Әбдыбек А.Ә. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясындағы жобаларды жүзеге асыру» – ғылыми жетекші Аширбекова Л.Ж. ....	246
Отеуова Б. «Өнім сапасын арттыру – кәсіпорынды дамытудың объективті заңдылығы» – ғылыми жетекші Жұмағазиева А.Ғ. ....	249
Пернебек С.С. «Персоналды басқарудағы коучинг пен тәлімгерлік ұғымдарына салыстырмалы талдау» – ғылыми жетекші Жұмағазиева А.Ғ. ....	251
Рамазан Ү.Т. «4.0. Индустриялық революция маркетингке қалай әсер етеді?» – ғылыми жетекші Бейжанова А.Т. ....	254
Рамазан Ү.Т. «4.0. Индустриялық революция. Адам еңбегі мен когнитивті қызметті жетілдіру» – ғылыми жетекші Тынабекова Г.Н. ....	256
Рәтбек А.К. «Туристік салада туристік кластердің қалыптасуының теориялық аспектілері» – ғылыми жетекші Тажиева С.К. ....	258
Рахман Э.К. «Бизнес-процестердің цифрлық трансформациясы» – ғылыми жетекші Жұмағазиева А.Ғ. ....	262
Рысбаева Б.Б. «Экологиялық маркетингтің мәні, даму ерекшеліктері» – ғылыми жетекші Садыханова Г.А. ....	264
Садырбай Б.Ж. «Жоба тәуекелінің үрдістері, олардың құралдары мен әдістері» – ғылыми жетекші Нурсейтова Г.Б. ....	265
Sakhytzhanova A. «The key problems of Supply Chain Management and How Big Data can help to overcome them» – scientific adviser: L.M. Ibrayeva.....	267
Сансызбаева А.Б. «Роль инноваций в развитии отечественных фармацевтических предприятий в Республике Казахстан» – научный руководитель Сокира Т.С. ....	270
Сатыбалдиева Ж.Т. «Қазақстан Республикасындағы инновациялық жобаларды гранттық қаржыландыру ерекшеліктері» – ғылыми жетекші Жатқанбаев Е.Б. ....	272
Сеиткамалов Ж.С. «Реализация и пути оптимизации программы по развитию АПК в РК» – научный руководитель Дуйсемалиева М.У. ....	275
Serikbek A. «Factors of modern economic growth: theory and practice» – scientific adviser Kalganbayev N.A.....	277
Скакбай Ж.Ж. «Развитие региональной логистики в Республики Казахстан» – научный руководитель Ахметкалиева С.К. ....	280
Сопбекова Н. «Эффективность системы маркетинговых показателей в казахстанских компаниях» – научный руководитель Алшынбай А.М. ....	283
Сулейменова М.П. «Қазақстан экономикасының дамуы жағдайында адами ресурстарды басқару» – ғылыми жетекші Таспенова Г.А. ....	284
Сұлтанғазина А.К. «Кәсіпорындағы маркетингтік қызметті ұйымдастырудың шетелдік тәжірибесі» – ғылыми жетекші Спанов М.У. ....	286
Tashanova D. «Intellectual capital in Kazakhstan – does it create any value?» – scientific adviser Shedenov U.K.....	288
Темірхан Д.Б. «ҚР экономикасын технологиялық жаңғырту жағдайындағы инновациялардың рөлі» – ғылыми жетекші Жатқанбаев Е.Б. ....	290